

"Ауыл құрылысы" мемлекеттік акционерлік компаниясын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 8 қыркүйек N 845. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.02.02 . N 144 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылықты басқару органдарының жүйесін жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1291 Жарлығын орындау үшін және нарықтық экономика жағдайында мердігерлік ұйымдар мен құрылыс индустриясы кәсіпорындарының қызметін реттеу жөнінде мемлекеттік саясат жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Село құрылысы жөніндегі "Қазагроөнеркәсіпқұрылыс" Қазақ мемлекеттік-кооперативтік бірлестігінің ұйымдары мен кәсіпорындарының негізінде қосымшаға сәйкес "Ауыл құрылысы" мемлекеттік акционерлік компаниясы (бұдан әрі Компания) құрылсын.

2. Компания Село құрылысы жөніндегі "Қазагроөнеркәсіпқұрылысы" Қазақ мемлекеттік-кооперативтік бірлестігінің мүліктік құқы мен міндеттерінің заңды мұрагері болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Компанияға оның құрамына кіретін, бұрын құрылған акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акциялар пакетінің жарғылық бөлігін иелену, пайдалану және басқару құқын берсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне Компаниямен бірлесе отырып 1993 - 1995 жылдарға арналған (II-кезең) мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру жөніндегі Ұлттық бағдарламаға және Қазақстан Республикасы Президентінің "Агроөнеркәсіп кешенінің мемлекеттік ауыл шаруашылық, дайындаушы, ұқсатушы және қызмет көрсетуші кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1137 Жарлығына сәйкес Компания құрамына кіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік мүлкін қайта құруды жүзеге асыру тапсырылсын. Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды акционерлендірген жағдайда құрылатын акционерлік қоғамдардың, белгіленген тәртіппен сатылатын акциялар пакетінен басқа, мемлекеттік акциялар пакетін Компанияға иеленуге, пайдалануға және басқаруға берсін.

5. Компанияға Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығының бірлесе

отырып селолық құрылыс кешенін дамыту және ауыл шаруашылығында ғылыми-техникалық әзірлемені енгізу мен орындау жөнінде бірыңғай саясат жүргізу мақсатында Компания құрамына кіретін акционерлік қоғамдар мен кәсіпорындардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыру тапсырылсын.

6. "Ауыл құрылысы" мемлекеттік акционерлік компаниясы заңды ұйым болып табылады, Қазақстан Республикасының заңдары, өз Жарғысы негізінде іс-әрекет етеді және республика агроөнеркәсіп кешенінің құрамына кіреді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 8 қыркүйектегі

N 845 қаулысына

қосымша

"Ауыл құрылысы" мемлекеттік акционерлік компаниясының құрамына кіретін құрылыс ұйымдары мен құрылыс индустриясы кәсіпорындарының

Т І З Б Е С І

"Қазэлеватормелъмонтаж" Республикалық мамандандырылған тресі

"Югспецмонтаж" акционерлік қоғамы

"Дән" акционерлік қоғамы

"Қапшағайауылқұрылыс" акционерлік қоғамы

"Қазагроспецмонтаж" мамандандырылған өндірістік бірлестігі

"Торғайауылқұрылыс" акционерлік қоғамы

N 7 "Алматыауылқұрылыс" ұжымдық кәсіпорны

Петропавл село құрылысы комбинаты

Есіл керамзит-бетон бұйымдары заводы

Есіл құрылыс материалдары мен конструкциялары комбинаты "ЖБК" акционерлік қоғамы, Атбасар қаласы

Атбасар керамзит-бетон бұйымдары заводы

Ново-Ильинов темір-бетон конструкциялары заводы

Орал керамика бұйымдары заводы

Куйбышев темір-бетон конструкциялары заводы

Қостанай құрылыс машиналары заводы

Петропавл жөндеу шеберханасы

Қапшағай материалдық-техникалық жабдықтау базасы

Щучье қазандық-механикалық заводы
"Қазтехәуылқұрылыс" ғылыми-өндірістік фирмасы
"Қазөнеркәсіпаулшаржобалау" жобалау институты
"Қазиркутсклес" өндірістік бірлестігі
Абалаков ағаш жинау-жөнелту базасы
Гипс заводы, Ақтөбе қаласы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК